# Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 21 бұйрығы.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) «Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша есепті тапсыру нысаны мен Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 603 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5428 болып тіркелген, «Юридическая газета» 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 197 (1597) газетінде жарияланған);

2) «Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есепті тапсыру Ережелері және нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 603 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 589 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5998 болып тіркелген, «Заң газеті» 2010 жылғы 5 наурыздағы № 34 (1656) газетінде жарияланған);

3) «Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша Есепті тапсыру Ережелері және нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 603 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі № 442 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6519 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2010 жылғы 6 қарашадағы № 459-460 (26303) газетінде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті(Д.Е. Ерғожин) осы бұйрық күшіне енген күннен бастап бір апта мерзімде бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және

кейіннен оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрі Б. Жәмішев*

*"КЕЛІСІЛГЕН"*
*Қазақстан Республикасының*
*Еңбек және халықты*
*әлеуметтік қорғау министрі*
*Г.Н. Әбдіқалықова ________*
*13 қазан 2012 жыл*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК